

2026. 13 (2)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ /
ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 2, pp. 315-328, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_315-328

KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN

Mukhatova Orazgul Kh^{1}, Mars Qadilbek², Ahmet Tashagil³*

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Research Fellow
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru
*Correspondent author

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Junior Research Fellow
 <https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: marshadylbek@gmail.com

³Fatih Sultan Mehmet Foundation University
(No:53, Zeyrek Neighborhood, Büyükkaraman Street, 34080, Fatih, Istanbul, Turkey)
Doctor of Historical Sciences (PhD), Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: atasagil@fsm.edu.tr

© Valikhanov IHE, 2026

© Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A., 2026

Abstract. *Introduction.* Kazakh-Chinese trade and cultural relations of the 60s-80s of the 17th century are analyzed in the article on the basis of diplomatic documents and letters of Sultan Abilpeiz to the Qing kingdom and its local administration. In the second half of the 17th century, the relations between the two countries became more active, the so-called trade relations "currency trade in horses" developed. When studying the issue in the context of interstate and interregional relations, the use of sources stored in the First Archive of China is of great importance. These data provide unique and valuable information for determining the content and nature of relations between the Kazakh Khanate and the Qing Empire. The vast majority of them have not been introduced into scientific circulation in Kazakh historical science. Therefore, the relevance of studying the question on the basis of new sources is undeniable. *Goals and objectives:* to reveal new aspects of Kazakh-Chinese trade and cultural relations on the example of diplomatic letters of Sultan Abilpeiz and to determine their historical significance. To achieve this goal, based on the analysis of published documents, show the tendencies of the development of Kazakh-Chinese relations in the second half of the 18th century; determine the peculiarities of Kazakh-Chinese trade relations; to reveal the essence of cultural ties between two countries in the letters of Sultan Abilpeiz to the Qing Empire. The source of research is made up of documents stored in the funds of the First Historical Archive of China and recently published documents in the Kazakh language. System method, analysis,

content analysis, description, narrative and generalization were used in the study of the problem. *Results.* This article, based on information from collections 122 and 130 of the Russian State Archive of Ancient Acts and a number of collections of documents and materials, reveals the direction, essence, content, and significance of Kazakh-Russian relations in the late 16th – early 18th centuries. It is demonstrated that these sources provide new scientific results and significant conclusions in the study of the history of Kazakh-Russian relations during this period. Under threat from the Dzungar state from the late 16th – early 17th centuries, political relations between the Kazakh Khanate and the Russian state developed towards establishing diplomatic and mutually beneficial trade ties. Although the Kazakh invasion of Siberia somewhat strained relations between the two countries, the rulers sought to resolve them. Tauke and Kaip Khans wrote letters to the Russian Empire, seeking to strengthen ties between the two states. During this period, the parties exchanged letters, promoting mutual cooperation and improving good-neighborly relations. *Conclusions.* The interests of the two states in the 60s and 80s of the 18th century were determined to be closely related to their foreign policy positions aimed at establishing Kazakh-Chinese trade and cultural ties. This can be considered as an important historical step aimed at strengthening the trade and economic ties of neighboring states. The epistolary heritage of Sultan Abilpeiza opens the way to consider Kazakh-Tsin relations from the point of view of new historical knowledge. At the same time, it allows to deeply study the history of relations between the Kazakh Khanate and the Qing Empire based on new historical sources, to objectively consider historical events.


Keywords: Kazakh Khanate, Qing Empire, Sultan Abilpeiz, diplomatic documents, epistolary heritage, trade relations

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the grant-funded project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan titled “Unexplored Pages of the History of Kazakhstan’s Foreign Policy in the Late 16th–18th Centuries (Based on Foreign Archival Materials)” (individual registration number: AR26194453).


For citation: Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. Kazakh–qing relations in the letters of Abilpeiz sultan// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 315-328. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_315-328


ӘБІЛПЕЙІЗ СҮЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова^{1*}, *Марыс Қадылбек*², *Ахмет Ташагыл*³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

* Автор-корреспондент

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Кіші ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: marshadylbek@gmail.com

³Фатих Сұлтан Мехмет Вакыф университеті
(Зеурек ықшамауданы, Вүйүккарамаң көшесі, № 53. 34080 Фатих, Стамбул, Түркия)
Тарих ғылымдарының докторы (PhD), профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: atasagil@fsm.edu.tr

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мұхатова О. Х., Қадылбек М., Ташагыл А., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Әбілпейіз сұлтанның Цин патшалығына және ұлықтарына жолдаған дипломатиялық хаттары негізінде XVII ғасырдың 60–80 жылдарындағы қазақ-қытай сауда және мәдени қатынастары талданады. XVII ғасырдың екінші жартысында екі ел арасындағы байланыстар жанданып, «жылқыға-сауда» қатынастары дамыды. Мәселені мемлекетаралық, аймақаралық қатынастардағы ұстанымдар ауқымында зерделеуде Қытайдың Бірінші архивінде сақтаулы деректерді қолданудың маңызы зор. Бұл деректер Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы байланыстардың мазмұны мен сипатын айқындауда бірегей әрі құнды мәліметтер береді. Олардың басым көпшілігі қазақстандық тарих ғылымында айналымға енгізілмеген. Сондықтан да мәселені тың деректер негізінде зерттеудің өзектілігі дау тудырмайды. *Мақсаты мен міндеттері.* Әбілпейіз сұлтанның дипломатиялық хаттары арқылы қазақ-цин сауда және мәдени қарым-қатынастарының жаңа қырларын ашу және олардың тарихи маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін соңғы уақыттарда жарияланған қазақша құжаттардың мазмұнын талдау арқылы XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-қытай қатынастарының даму үрдісін көрсету; қазақ-қытай сауда байланыстарының ерекшеліктерін анықтау; Әбілпейіз сұлтанның Цин патшалығына жазған хаттарындағы екі ел арасындағы мәдени қарым-қатынастардың мәнін ашу. Зерттеудің деректік базасын Қытай бірінші тарихи архиві қорларында сақталған және осыған дейін жарияланған қазақша құжаттар құрайды. Мәселені зерттеуде жүйелеу, талдау, мәгіндік талдау, сипаттау, баяндау, қорыту әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Мақалада Қытайдың Бірінші архивінің қорларында сақтаулы Әбілпейіз сұлтанның дипломатиялық хаттарының мәліметтері бойынша XVIII ғасырдың 60–80 жылдарындағы қазақ-қытай қарым-қатынастарының бағыты және мәні анықталды. Осы эпистолярлық мұраның көрсетілген кезеңдегі Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы қатынастарының тарихын зерттеуде тың ғылыми тұжырымдар мен салмақты қорытындылар жасауға мүмкіндік тудыратындығы дәлелденді. Көрсетілген кезеңде Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы өзара сауда және мәдени қарым-қатынастар дамыды. Бұл байланыстар екі ел арасындағы қарым-қатынастарды нығайтты. Әбілпейіз сұлтан Цин патшалығына және оның жергілікті әкімшіліктеріне хат жазып, екі мемлекеттің арасындағы байланыстарды нығайтуға күш салды. *Қорытынды.* XVIII ғасырдың 60–80 жылдарындағы екі мемлекеттің мүдделері қазақ-қытай сауда және мәдени байланыстарын орнатуға бағытталған сыртқы саяси ұстанымдарымен тығыз байланыста айқындалды. Бұны көршілес мемлекеттердің сауда-экономикалық байланыстарын нығайтуға бағытталған маңызды тарихи қадам ретінде бағалауға болады. Әбілпейіз сұлтанның эпистолярлық мұрасы қазақ-цин қарым-қатынастарын жаңа тарихи таным тұрғысынан қарастыруға жол ашады. Сонымен қатар Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы көршілік байланыстар тарихын тың тарихи деректер негізінде терең зерделеп, орын алған тарихи оқиғаларды шынайы түрде қарастыруға мүмкіндік тудырады.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Цин империясы, Әбілпейіз сұлтан, дипломатиялық құжаттар, эпистолярлық мұра, сауда байланыстары

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XVI ғ. соңы – XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы саясаты тарихының беймәлім беттері (шетелдік архив материалдары негізінде)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP26194453).


Дәйексөз үшін: Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. Әбілпейіз сұлтанның хаттарындағы қазақ-цин қатынастары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 315-328 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_315-328

КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙИЗ СУЛТАНА

Мухатова Оразгуль Хасеновна^{1*}, Кадылбек Марыс², Ахмет Ташағыл³

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник


 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

* Автор-корреспондент

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)


Младший научный сотрудник

 <https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: marshadylbek@gmail.com

³Университет Фатих Султан Мехмет Вақыф

(дом 53, район Zeurek, улица Büyükkarapınar, 34080, Фатих, Стамбул, Турция)

Доктор исторических наук (PhD), профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: atasagil@fsm.edu.tr

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье анализируются казахско-китайские торговые и культурные связи 60-80-х годов XVII века на основе дипломатических документов и писем султана Абильпеиза в Цинское царство и его местной администрации. Во второй половине XVII века отношения между двумя странами активизировались, развились так называемые торговые связи «меновая торговля лошадьми». При изучении вопроса в контексте межгосударственных и межрегиональных отношений большое значение имеет использование источников, хранящихся в Первом архиве Китая. Эти данные предоставляют уникальную и ценную информацию для определения содержания и характера отношений между Казахским ханством и Цинской империей. Подавляющее большинство из них не было введено в научный оборот в казахстанской исторической науке. Поэтому актуальность изучения вопроса на основе новых источников неоспорима. *Цель и задачи исследования* – раскрыть новые аспекты казахско-китайских торговых и культурных связей на примере дипломатических писем султана Абильпеиза и определить их историческое значение. Для достижения этой цели на основе анализа опубликованных документов показать тенденции развития казахско-китайских отношений во второй половине XVIII века; определить особенности казахско-китайских торговых отношений; раскрыть сущность культурных связей между двумя странами в письмах султана Абильпеиза в Цинскую империю. Источниковую базу исследования составляют документы хранящихся в фондах Первого исторического архива Китая и недавно опубликованные документы на казахском языке. В исследовании проблемы использовались системный метод, анализа, контент анализа, описания, повествования и обобщения. *Результаты.* В статье на основе дипломатических писем султана Абильпейза, хранящихся в архивах Первого архива Китая, определены направление и сущность казахско-китайских отношений в 60–80-е годы XVII века. Доказано, что это эпистолярное наследие позволяет сделать новые научные и важные выводы в изучении истории отношений между Казахским ханством и Цинской империей в указанный период. В этот период развивались взаимные торговые и культурные связи между Казахским ханством и Цинской империей. Эти связи укрепили отношения между двумя странами. Султан Абильпейз писал письма в Цинскую империю и ее местным властям, прилагая усилия для укрепления связей между двумя государствами. *Выводы.* Интересы двух государств в 60-80-е годы XVIII века были определены в тесной связи с их внешнеполитическими позициями, направленными на установление казахско-китайских торговых и культурных связей. Это можно рассматривать как важный исторический шаг, направленный на укрепление торгово-экономических связей соседних государств. Эпистолярное наследие султана Абильпеиза открывает путь к рассмотрению казахско-цинских отношений с точки зрения нового исторического познания. В то же время позволяет глубоко изучить историю отношений между Казахским ханством и

Цинской империей на основе новых исторических источников, объективно рассматривать исторические события.

Ключевые слова: Казахское ханство, Цинская империя, Абилпейіз султан, дипломатические документы, эпистолярное наследие, торговые отношения

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Неизвестные страницы истории внешней политики Казахстана конца XVI – XVIII веков (на основе зарубежных архивных материалов)» (индивидуальный регистрационный номер: AP26194453).

Для цитирования: Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. Казахско-цинские отношения в письмах Абилпейіз султана// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 315-328. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_315-328

Кіріспе. XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында дипломатиялық хаттар көптеп жазылып Ресей империясы, Цин патшалығы сынды көрші елдерге жіберілді. Хаттардың жазылуына шекаралас елдермен тұрақты саяси және экономикалық өзара қарым-қатынастар орнату, бірлесіп жауға қарсы тұру, шекаралық қашқын мәселесін реттеу, сауда жолдарын жақсарту, түрлі сипаттағы қақтығыстарды шешу тәрізді өмірлік қажеттеліктермен байланысты факторлар ықпал етті. Хаттар көбінесе қазақ билеушілері атынан жазылып, өзге елдердің билеушілері мен ұлықтарына түрлі мақсатта жазылды. Осы тұрғыдан алғанда олар өз заманында орын алған үдерістер мен оқиғалар туралы тікелей ақпарат береді. Сондықтан да қазақ хандарының, сұлтандары мен билерінің шекаралас елдерге жолдаған дипломатиялық құжаттары XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының жағдайын, көрші елдермен байланыстарының бағыттарын терең зерделеуде құнды деректер болып табылады. Алайда бұл хаттардағы тарихи уақиғалар ғылыми зерттеулерінде зерттеушілер тарапынан жеткілікті түрде пайдаланбай келеді, өйткені бір жағынан олар ұзақ уақыт беймәлім болып өзге елдердің архивтерінде сақталып келсе, екінші жағынан оларды оқып, кешенді мәтінтанулық зерттеу жасауға бірқатар қиындықтар туды. Себебі хаттардың көпшілігі көне қазақ, шағатай, қалмақ, мәнжу және т.б. тілдерде жазылды.

Эпистолярлық деректердің басқа жазба дереккөздерден айырмашылығы олар Қазақ даласында және онымен көршілес елдерде орын алған тарихи оқиғаларды дәл және егжей-тегжейлі баяндайды. Сонымен қатар хандар мен сұлтандардың хаттары қатысушылардың өздерінің немесе оқиғалардың тікелей куәгерлерінің көзқарастарын білдіреді. Әбилпейіз сұлтанның Цин империясына жазған хаттарына осы ерекшелік тән. Сұлтанның хаттары архив құжаттары жинақтарында ғылыми айналымға кеш еніп, ондағы тарихи уақиғалар толық қанды зерттелмеді. Хаттардың мазмұны әралуан, соның ішінде қазақ-цин қатынастары дербес зерделенбеген тақырыптардың бірі. Осы тұрғыдан келгенде тақырып өзекті болып саналады. Қазіргі уақытта тарихи шындықты жаңғырту мақсатында XVIII ғасырдың 60-80 жылдары назардан тыс қалған қазақ-қытай қатынастарын тың эпистолярлық деректер бойынша зерделеудің маңызы зор.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің деректік базасын Қытай бірінші тарихи мұрағат қорларында сақталған және жарияланған қазақша құжаттар құрайды. Цин патшасына немесе оның жергілікті ұлықтарына қазақ хан, сұлтандарының және олардың ұрпақтарының жіберген хат-қағаздарының көбісі қазіргі уақытта Қытайдың бірінші тарихи архив қорында сақтаулы. Қазірге дейін белгілі болған қазақша хаттардың саны – 154 (Әбділәшімұлы, 2025: 37). Қазақ билеушілерінің хаттары Іле, Тарбағатай, Қашқар қатарлы жерлердегі Цин ұлықтарына жазылған, кейбірі арнайы Цин патшаларына арнап жазған.

Әбилпейіз сұлтанның Цин ұлықтарына шағатай тілінде жазылған екі хаты алғаш рет «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Қазақтан тарихы туралы қытай деректемелері» III том, «Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары» атты еңбекте жарияланды (ҚТҚД, 2006: 116-118). Осыдан кейін Жиннода «A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qin Dynasty» атты еңбекте Әбилпейіз сұлтанның Цин патшалығына

жолдаған үш хатына талдау жасаған. (Jin, 2010). Кейін «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг.» атты құжаттар жинағында Әбілпейіз сұлтанның Цин патшалығына жазған төрт хаты енгізілген (Эпистолярное наследие, 2014). Әбілпейіз сұлтанның хаттарының көбісі Д. Әбділәшімұлының «Жұңго бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар» атты еңбегінде жарияланған (Әбділәшімұлы, 2016). Соңғы зерттеулерде Еженханұлы Әбілпейіз сұлтанның сегіз парша хатына ғылыми талдау жасап басқа да архив құжаттарымен салыстыра зерттеген. (Еженханұлы, 2025). Аталмыш еңбектерде қазақша құжаттардан бөлек мәнжу және қалмақ тілдерінде хатталған құжаттарда ескерілген.

Зерттеу тақырыбын «өзара байланыстылық» теориясына сүйене отырып зерттеу Әбілпейіз сұлтанның хаттарындағы қазақ-қытай сауда, рухани, мәдени қатынастарын жан-жақты қарастыруға көмектеседі (Медеубаева, 2006). Тақырыпты зерттеуде тарих ғылымында берік орныққан тарихилық, объективтілік, әлеуметтік қағидалары қолданылды. Тарихилық қағида Әбілпейіз сұлтанның хаттарын XVIII ғасырдың II жартысындағы тарихи үдерістің ауқымында зерделеуге мүмкіндік берді. Объективтілік қағидасы хаттардың шынайылығына көз жеткізе отырып олардың мәліметтерін бұрмалаусыз талдауға септесті. Ал әлеуметтік қағида Әбілпейіз сұлтанның тарихи тұлға ретінде көрсетілген кезеңдегі қызметін анықтауға жол ашты. Зерттеуде аталған қағидаларды жүйелеу, талдау, мәтіндік талдау, сипаттау, баяндау, қорыту тәрізді әдістермен қатар қолдану тақырыпты терең ашуға мол мүмкіндіктер тудырды.

Талқылау. Қытайдың бірінші тарихи архив қорында сақтаулы құжаттардың негізінде Қазақ хандығының көрші елдермен, соның ішінде цин патшалығымен қарым-қатынастары арнайы зерттелмеді. Оның өзіндік себептері бар. Біріншіден, бұл құжаттар ұзақ уақыт беймәлім болып келді. Екіншіден, көп тілде жазылған дипломатиялық хаттарды түп нұсқадан қазақ тіліне аударатын, оларды деректанулық тұрғыда талдап, ғылыми айналымға енгізе алатын білікті мамандар жоқтың қасы болды. Соңғы кездері осы тақырыптар бойынша архив деректерін ғылыми айналымға енгізуге білікті мамандар атсалысты. Сонымен қатар шет елдерден «Мәдени Мұра» бағдарламасы аясында алғашқы зерттелер жасала бастады. Сондай жобалар мен ғалымдардың ортақ ат салысуында «Қазақтан тарихы туралы қытай деректемелері» атты көп томдық еңбекте қытайдың бірінші тарихи архивінің қазақ хандығының тарихына қатысты құжаттары түп нұсқадан қазақ тіліне аударылды. Мәселен, Б. Еженханұлы тұңғыш рет аталған архив қорындағы сақтаулы құжаттардың құндылығы туралы мақала жариялады (Еженханұлы, 2011). Сонымен қатар бұл тақырып бойынша Жапон ғалымдары да назар аударып зерттеулер жасай бастады. Қатысты архив құжаттары соңғы жылдары ілгерінді-кейінді жарыққа шықты. Сонымен біргі Б. Еженханұлы мен Д. Әбділәшімұлының еңбектерін басты атауға болады. Еңектер XVIII ғасырдың II жартысындағы қазақ-цин қарым-қатынастарына қатысты архив құжаттарын негіз етіп талдайды. (Еженханұлы, 2025), (Әбділәшімұлы, 2025). Еңбекте Қазақ елі мен Цин патшалығы арасындағы саяси, мәдени және экономикалық қатынастардың ерекшеліктері талданды. Сондай-ақ, Цин патшалық жазбаларында көрініс тапқан қазақ-бұрыт (қырғыз) таластартыстары тақырыбында Әбілпейіз сұлтанның кей хаттарына зерттеу жасады. Д. Әбділәшімұлы Пекин қаласындағы Қытайдың бірінші тарихи мұрағатында ескі қазақ тіліндегі беймәлім болып келген бір қатар құжаттарға мәтінтанулық зерттеулер жүргізді. Соның негізінде бастапқы ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрді (Әбділәшімұлы, 2016). 2025 жылы көп жылдық зерттеулерін қайта толықтырып, Қазақ билеушілері Цин патшалығына жолданған дипломатиялық құжаттардың транслитерациясын, транскрипциясын және қазіргі қазақ тіліне аудармасы жасалған еңбек Жапонияда баспадан шықты (Әбділәшімұлы, 2025).

Қазақ-Цин қарым-қатынасын Қытай деректері мен архив құжаттары бойынша қарастыру Жапонияда ерте қолға алынды. Жапон тарихшысы Сагучи Торудың 1963 жылы шыққан көлемді монографиялық еңбегінде қазақ елшілерінің Цин патшалығының билеушісімен дидарласып қайту барысы, олардың елшілік сапарындағы басып өтетін жолдары, патшамен

кездескенде көрсететін сый-құрметтері, сондай-ақ патшаның оларға ұсынатын тарту-таралғылары, т.б. (Сагучи, 1963). Онума Такахиро қазақтар мен Цин патшалығы арасындағы қатынастарды дипломатиялық байланыстар ретінде бағалады (Онума, 2010). Нода Жин және Онума Такахиро қазақ сұлтандарының Цин патшалағына жіберген хаттарын жинақ түрінде басып шығарды (Jin, 2010).

Жалпы қазақстандық тарихнамада XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы дипломатиясының тарихы зерделенген бірлі-жарым еңбектер бар. Солардың бірі – К.Ш. Хафизованың монографиясы (Хафизова, 2019). Зерттеуде көшпелі мемлекеттердің, соның ішінде Қазақ хандығының дәстүрлі дипломатиясы, Абылай, Уәли хандардың, батырлар мен билердің елшілік қатынастардағы рөлі көрсетілді. К.Ш. Хафизова мен В.А. Моисеев құрастырған жинаққа XVIII ғасырдың екінші жартысынан 1830 жылдарға дейінгі қазақ билеушілері мен Цин Қытайы арасындағы дипломатиялық және саяси қарым-қатынастардың тарихы бойынша қытай, түркі және орыс тілдерінен аударылған құжаттар мен материалдар кірді. Олар дала билеушілері мен Цин династиясы арасындағы алғашқы тікелей байланыстардың орнауымен байланысты оқиғаларды көрсетеді (Цинская империя, 1989). Н. Мұхамедханұлы қазақ хандары мен сұлтандарының Цин патшалығымен орнатқан дипломатиялық қатынастары мен сауда-экономикалық байланыстары, қазақтың бір кездері жоңғарлар жаулап алған шығыстағы байырғы ата мекеніне қайта қоныстану мәселелерін зерделеді. Н. Мұхамедханұлы зерттеуінде Цин империясының қазақтарға және Орта Азия халықтарына қолданған саясатының сипатына анықтама беріп, екі ел қатынастарының қалыптасу және даму процесін айқындады (Мұхамедханұлы, 1996). Соңғы жылдары ол алдыңғы зерттеулерін кеңейтіп, қазақ-қытай қатынастарының даму жолындағы өзекті мәселелерге тың деректерге сүйене отырып, терең талдау жасады (Мұхамедханұлы, 2010).

Жоғары рейтингті басылымда 1760–1780 жылдардағы Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы сауда байланыстарын дамуындағы Орта жүз сұлтаны Әбілпейіз сұлтанның қызметі көрсетілген мақала жарық көрді (Кенжебаев, 2025) зерттеушілердің қызығушылығын тудырды (Кенжебаев, 2025). Әбілпейіз сұлтанның өкілетті өкілдерінің шекаралық бекіністердегі келіссөздерде делдал болғандықтары, сауда байланыстарын нығайтуға айтарлықтай үлес қосқандықтары архив құжаттарының негізінде зерттелді.

Нәтижелер. Әбілпейіз сұлтан – Қазақ көне жазба мұраларында Абдулфеиз, Абулфаиз, Абулфеис деп әр түрлі жазылған. Оның өз мөрінде толық есімі: ابو الفیض بهادر سلطان (Abū al-Fayz bahādūr sultān) деп таңбаланған. Әбілпейіз сұлтан – Әбілмәмбет ханның ұлы. Ол найман тайпасының құрамындағы қаракерей ру бірлестігінің билеушісі болды. Қазақ билеушілерінің атынан Цин патшалығымен байланыста өзін көрсете білген тарихи тұлға.

Сұлтан 1742–1743 жылдары шамасында әкесі Әбілмәмбеттің шешімімен жоңғар қонтайшысы Галдан Церен ордасына аманат ретінде жіберілген. Араға бірер жылдан соң Жоңғариядан оралып, қаракерей руының билеушісі атанды. Қол астындағы халықтың жерлері қазіргі Жетісу облысы және Абай облысының бір бөлігінде болған. Ол билік еткен бұл аймақ бұрын Жоңғар хандығымен кейін, Цин империясымен іргелес жатқандықтан олармен әртүрлі қарым-қатынастар орнатып отырды. Оның Цин императоры Цянлунға өз атынан бірнеше мәрте елші жібергені туралы ресми мәліметтер бар. Әбілпейіз сұлтан Цин империясының Жоңғариядағы әскери және әкімшілік ұлықтарына елші жөнелтіп, хат жолдап, екі ел арасында қалыптасқан саяси және экономикалық байланыстарды жалғастыру, сондай-ақ аймақта туындаған түрлі мәселелерді шешуге ат салысып отырған. Сұлтанды жақсы білген әскери инженер, өлкетанушы капитан И.Г. Андреев Әбілпейіз сұлтанға Орта жүздегі ең беделді, ақылды тұлға ретінде баға берген (Андреев, 1998).

Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін, көп өтпей Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында ресми қарым-қатынас орнап, 1757 жылы күз айларында Абылай мен Әбілпейіз Кенжеқара бастаған елшілер тобын (жиыны 11 адам) жасақтап, Цяньлун патшамен дидарласып қайтуға Бейжіңге аттандырды. Осыдан кейін екі ел арасында, әсіресе сауда барыс-келістер жиілеп, «жылқыға – жібек саудасы» тез жанданды. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде

Әбілпейіз сұлтан және оның ұрпақтары Цин патшалығына шекаралас аймақтарда қоныстанған орта жүздің найман, керей руларына иелік етті. Осыған байланысты билеуші сұлтандар Цин патшасына немесе оның шекаралық аймақтағы ұлықтарына елші аттандырып, хат жолдап отырды.

1-кесте. Цин патшасына Әбілпейіз сұлтанның атынан барған елшілер:

№	жыл	Елші	Қосшы	Тарту ат
1	1765	Әбілпейіз, Ханқожа	Әбілпейіз, Ханқожа Барлығы - 11 адам.	5
2	1772	Жошы, Батыш	11 адам	9
3	1775	-	-	-
4	1782	-	-	-
5	1782	Қадай	Байыр, Меңдібай, Басаң, Байбол және арнайы 4 қосшы	11

Кестеден көрінетіндей, 1765–1782 жылдары Әбілпейіз Цин патшасының ордасына бес рет елші жіберген. Елшілер өзгеріп отырған. Елшілерге қоса олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 26 елші және қосшы Цин империясының сарайына барған. Көрсетілген уақыт ішінде патшаға 25 сәйгүлік тарту етілген. Шындығында Әбілпейіз сұлтанның Цин патшалығының жергілікті әкімшілікке жіберген елшіліктерінің саны патша ордасында болған елшілермен салыстырғанда әлдеқайда көп. 1765–1782 жылдар аралығында Іледегі цзянцзюніне (генерал-губернатор) және Тарбағатай амбандарына жалпы саны 35 мәрте елші жіберген. Нақты айтсақ, Іледегі цзянцзюндерге 24 мәрте елшілік аттандырылса, Тарбағатайдағы хебей амбанға 11 мәрте елшілік жіберілген. Осы уақыт ішінде Бұрұт, Жошы, Өтебай батыр, Жаман батыр, Айтуған, Байыр және т.б. тарихи тұлғалар елшілікті бастап барған. Соның ішінде 29 елші Іледегі цзянцзюннің және амбандардың қабылдауында болған. Елшілермен бірге барған қосшылардың саны 85 адам болған. Елшілікке барғандар жергілікті билеушілерге 46 ат тарту еткен (Әбділәшімұлы, 2016: 50-53).

Қазірге дейін анықталғанындай Әбілпейіз сұлтан император Цяньлун мен Цин патшалығының Іле мен Шәуешектегі ұлықтарына қырыққа тарта хат жазып жолдаған. Аталған хаттардың мазмұны әр алуан тақырыптарды қамтиды. Соның ішінде Қазақ хандығының шығыс шекаралық аймақтары мен Цин империясы арасындағы қарым-қатынастардың бір ғана сауда-саттық шеңберімен шектелмегенін, керісінше шекаралық аймақтарда орын алған саяси жағдайларды, Қазақ хандығының ішкі өміріндегі өзгерістерді және қазақтар мен қырғыздар, сондай-ақ өзге де Орта Азия халықтары арасында орын алған маңызды оқиғаларды жан-жақты сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл хаттар XVIII ғасырдың екінші жартысындағы өңірлік саяси ахуалды, этносаралық, еларалық байланыстар мен халықаралық қатынастардың сипатын айқындауға мүмкіндік беретін құнды жазба деректер ретінде қатысты ғылыми зерттеулерде айрықша бағаланады.

Әбілпейіз сұлтанның Цин патшалығына жазған хаттарының қазірге дейін анықталған нұсқаларында Цин патшалығымен сауда жасау, елші жіберу, жазу-сызуды үйрететін молла шақыру, қалмақ мәселесі, қашқын мәселесі, көрші елдермен қарым-қатынастарды жақсарту, сауда жолдары сынды көптеген мәселелер айтылған. Сонымен қатар Әбілпейіз сұлтан өз хатында Цин патшалығының билігінен қазақтар мен қырғыздар арасында туындаған жанжалға арағайындық жасатпақ болған. Әбілпейіз сұлтан Іледегі Цин әкімшілік ұлығына жолдаған ұқсас мазмұндағы хатына Цин ұлығы Айлуңа Император Цяньлунның 1760 жылы қазақтар мен қырғыздар арасындағы қақтығысқа байланысты айтқан «...біреулеріңді жақтап, тағы біреулеріңді даттай алмаймын» деген ұстанымын алға тартып, аталған мәселеге қатысты нақты жауап беруден жалтарған (Еженханұлы, 2025: 442). Осыған қарағанда Цин патшасының Орта Азия елдерінің бірін қолдап, екіншісімен жау болған жағдайда өзімізге жау тауып аламыз деген ойда болған сыңайлы. Қазақ хандығының Ташкент сынды қалалармен арадағы дәстүрлі байланыстар қырғыздар тарапынан кедергіге ұшыраған немесе екі арадағы барыс-

келіс мүлде үзіліп қалған. Бұл жағдай Қазақтар мен Цин арасындағы саудаға да ықпал еткен. Осы мәселелерге қазақ билеушілері баса назар аударған.

Әбілпейіз сұлтанның хаттарында Цин патшалығымен арадағы сауда-саттықты дамыту маңызды болды. Жоңғар хандығын біржолата жойғаннан кейін Цин патшалығы көршілес жатқан Қазақ хандығымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, өзара сауда-саттық жасасуға ұмтылды. Мұндай қатынастарға Қазақтарда белсенді ат салысты. Оған дәлел – Әбілпейіз баһадүр сұлтанның 1773 жылы 11 тамызда Іле генералы Шухэдэның мәлімдемесімен бірге жолданған хаты. Хатта былай делінген: «Ілені басқарып тұрған генерал, амбандарға Әбілпейіз ваннан дұғай сәлем. Айтпақшым мынау: Жошы өзімен бірге барған молдамды сізге айтқан екен, «Құлжаға кіргізіп, сауда жасат!» - деп жарлық қылған екенсіз. Жошыны қайынына жіберейін деп, молдаға өз малымды айдатып: «Жошыға керекті заттарды саудалап кел», - деп аттандырдым. Жарлығыңызды екі етпей, жақсы саудаластырып жіберсеңіз, әрине, көңілім жай табар. Бұл жіберген кісілерімді Құлжаға кіргізіп, сөзсіз жақсы саудаластырыңыз. Молда, Мекей екі кісі, екі қосшымен – төрт кісі. Бұл жіберген малым – төрт ат, жүз елу жылқы, Әбілпейіз ваннан генерал, амбандарға екі ат тарту» (Әбділәшімұлы, 2025: 169). Цин патшалығының жылқыға сұраныс көбейген. Сол себепті қазақтар мыңдаған жылқысын цин патшалығының базарларына апарып, өздеріне қажет тауарларға айырбастаған. Айдап апарған малы базарларда жылдам өтсе, қазақтар соғұрлым пайдаға кенелген. Саудалары жақсы әрі ұтымды жүру үшін патшалықтың жергілікті әкімшіліктеріне алдын-ала хабарлаған немесе барған елшіліктерден арнайы хат беріп жіберетін болған. 1777 жылы 9 қарашадағы Әбілпейіз сұлтанның хатындағы «... бір топ саудагерге бас етіп молдамды, аттандырдым: «Халдарынан хабардар болып, содырлық қылдырмай, қалауы бойынша саудаластырыңыздар» деген жолдар айтылғанды бекіте түседі. (Әбділәшімұлы, 2025: 183). Әбілпейіз көбінесе Құлжа қаласына барып, сонда сауда-саттық жүргізген. Бұған 1773 жыл 17 тамызда Ілені билеп тұрған генерал, амбандарға жазған Әбілпейіз сұлтанның хаты дәлел бола алады. Хатта: «Әбілпейіз уаннан дұғай сәлем» дей келе, «айтпақшым мынау: Жошы: «Өзімен бірге барған молдамды Құлжаға кіргізіп, сауда жасат!» - деп сізге айтқан екен, соған жарлық жіберіпсіз. Жошыға керекті заттарды саудалап кел», - деп аттандырдым. Жарлығыңызды екі етпей, жақсы саудаластырып жіберсеңіз, әрине, көңілім жай табар. Бұл жіберген кісілерімді Құлжаға кіргізіп, сөзсіз жақсы саудаластырыңыз. Молда, Мекей екі кісі, екі қосшымен – (жиыны) төрт кісі. Бұл жіберген малым төрт ат, жүз елу жылқы» делінген. (Әбділәшімұлы, 2025: 172).

Цин патшалығы қазақтарға жылы қабақ танытып, саудаларын жасатып қайтарып отырды. Бұны Әбілпейіз сұлтанның 1773 жылы 10 қазанында Іле генералы Илэтудың мәлімдемесімен бірге жолдаған хатындағы «Хосынқамен бірге саудаға барған қазақтар сіздің оларды қайрандап, жақсы сауда жасап бергеніңізді айта келді, оны естіп, біздер жұртымызбен қуанып, тауарларыңызға ілтипат білдірдік» деген алғысы дәлелдейді. (Әбділәшімұлы, 2025: 172). Бұған қоса хатта «Қосынқаға тапсырған екі тондық үлкен тауарды алдым. Мұсылманша хат бергеніңіз – аса көрегендік» дегенінен сұлтанның Цин патшалығынан елшілер арқылы қажетті заттарды алдырып отырғанына көз жеткізіледі. (Әбділәшімұлы, 2025: 173). Цин патшалығынан қазақтар мата, шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті бұйымдар, дәрі-дәрмек сатып алған. Тауарлардың арасында матаға, соның ішінде торғын тәрізді қымбат матаға сұраныс айтарлықтай көп болған. Хан-сұлтандар, ауқатты, бай адамдар торғынды көбірек алдырған. «Ханқожа ванның 3 саудагерін Ғалдайға қостық, керегі – торғын, мата. Өз жеріндегі саудагердей көрмесін, даладағы саудагер емес, өз үйімнен шыққан саудагерім, жақсылап сауда жасап берсін» деген 1787 жыл 29 қарашадағы Ханқожа сұлтанның хатындағы ақпарат айтылғанды толық дәлелдейді. (КАТАЛОГ, 9-том. «Шыңжаң IV»: 1831). (Микрофильм-140: 3079–3086)

1799 жыл 24 желтоқсандағы Ханқожа сұлтанның хатынан қазақтардың Цин патшалығынан дәрі-дәрмек алдырғанын анық көруге болады. Хатта: «Бұл хат жеткен соң бізге қайтара жарлық жібергейсіз. Біздің бұл қазақ жұртында дәрі-дәрмек табылмайды, сіз үлкен амбаннан өтінеміз, әр түрлі Бейжің дәрісін қайрандап жіберіңдер. Бір кәрі анамыз бар еді,

қайтыс болды, соның жұмыстарына аз ұн, күріш қайрандар», - деп жазылған. (Әбділәшімұлы, 2025: 287). Қазақ даласында өзінің емшілері болғаны белгілі. Олар науқастарды түрлі шөптермен, солардан жасалған тұнбалармен емдеген. Дегенмен қазақтар медицинасы ертерек дамыған әрі дәстүрге айналған, әлемге танылған елден өздері емдей алмаған дертке қарсы дәрі алдырған. Мұны Әбілпейіз сұлтанның кезекті хатындағы «Сіздердің жұрттарыңыз үлкен жұрт», - деп сұратқан бұйымымыз мынау: бір баламыздың көзі кезек алып ауырыпты, соған ем болатын бір дәрі, сөзсіз, жібере көр. Әрине, көзге ақ түскенді кетіретін дәріні сіз білесіз...» дегенінен анық көруге болады. Алайда қымбат және шипасы әсерлі дәрілерді алдыру екінің бірінің қолынан келмеген. Олар тек хан-сұлтанда, бай-бағландар арқылы қолжетімді болған. Мәселен, билеуші элитаның өкілдерінің Бейжің (Пекин) дәрісін алдыруға мүмкіндіктері болған.

Қазақтардың Қытайдан шай сатып алғандығы белгілі. Қытайдан байхы қара шайы, яғни жапырақ шай, көк шай, кірпіш шай әкелінген. Шай Құлжадан, Үрімшіден, Қашғардан, Шәуешектен түйелер мен жылқыларға тиеліп тасылған. Әбілпейіз сұлтанның хаттарында шай саудасы туралы көп айтылмайды, дегенмен ұн, күріш тәрізді азық-түлікпен бірге саудагерлер шайды сатып алып, елге әкелген. Егер XVII ғасырда шай Үндістаннан Парсы елі, Бұхар арқылы Қазақ хандығына жеткізілсе, XVIII ғасырда көбінесе Қытайдан әкелінген. Әбілпейіз сұлтанға қарасты Қытаймен шекаралас аймақтағы қазақтар үшін Цин патшалығынан әкелінген шай анағұрлым арзанға түскен. Егер XVII ғасырда Үндістаннан шай Қазақ хандығына 120 күнде жеткізілсе, Үрімші мен Қашғардан бір айдың ішінде әкелінген. Жетісуға жеткізілген шай ауылдарға таратылған. Қарапайым халық көбінесе қара шайды тұтынған. Арақидік көк шайды сатып алушылар болған. Кірпіш шайдан гөрі жапырақ шай қымбат тұрған. Оны көбінесе ауқатты тұрғындар сатып алған. Жетісудан ары қарай Ташкентке, Бұхар мен Хиуаға апарылған (ӨзҰА. И-1-қ. 16-т. 203-іс. 9-п.). осы орайда Әбілпейіз сұлтан өзге де беделді әрі ықпалды қазақ сұлтандарының қатарында Бұхараға және Қытайға бағытталған керуен жолдары мен керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, шекара бекіністерінде сауданың үздіксіз дамуына жағдай жасады. Шайға деген сұраныс уақыт өткен сайын арта түскен. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1858 жылы Қашғарға барған сапарында Қытаймен арадағы саудада шайға сұраныстың артқанын байқаған. Кеден арқылы өтіп жатқан тауарлардың арасында көк, жапырақ қара, ұсақ қара, және кәдімгі кірпіш, жоғары сұрыпты кірпіш шайдың аса көп мөлшерде Жетісу жеріне өткізіліп жақтанын көрген (ӨзҰА. И-1-қ. 16-т. 203-іс. 1-п. қайырма п.). Мұның өзі осы кезеңде қазақтардың шайды көп тұтынғандығынан хабар береді.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында рухани байланыстар да дамыған. Мұның өзі қарым-қатынастардың тек елшіліктер алмастырумен, сауда-саттықпен шектелмегендігінен хабар береді. Қытаймен шектес қазақ даласының шығыс өңірлері мен Цин патшалығының мәдениет, оқу-ағарту саласындағы байланыстары айтарлықтай дәрежеде өркендеген. Бұны 1780 жылы 24 қазанда Әбілпейіз сұлтанның Іле генералы – Илытұға жіберген хатындағы мәліметтер растайды. Хаттың мазмұны мынадай: «Дұғадан соң демекшім мынау: көп жылдардан бері біздің қызметімізде болып, Жошы сұлтан, Бопы сұлтан ұлдарымызға мұсылмандық үйретіп жүрген молдамыз еді, өзі қашқарлық, «Артұш» деген жерден екен. «Қашқар әкімі жұртына жақсылық іс істепті», - деп естіп, жұртын өзіне мирас қылып беруге ықылас танытты. Молданы әйелімен қосып жеріне қайтардым. Жер-суын алып беріп, өзін дарқан қылып, Іледе тоқтатпай, жетемін деген жерге жеткізсеңіз, қуанармыз. «Іледегі генералдарға жеткіз», - деп Тілеке батырды қостым. «Өз жеріне жеткізіп, балаларының есендігін біліп қайт», - деп Ақжол батырды қосып жібердім». Бұдан ұзақ жылдар Әбілпейіз сұлтанның ордасында қызмет етіп, балаларын оқытқан молданың болғандығын, оның Қашқардың Артұш деген жерінен келгендігін, 1780 жылы оның өз жеріне қайтарғандығын анық көруге болады. Хатта молданың Әбілпейіздің ордасына келген уақыты ашып жазылмағанымен 1780 жылға дейін ұзақ жыл тұрғаны байқалады. Д. Әбділәшімұлының пікірінше, молда қазақ қоғамына келген кезінде оның ауызекі тілімен қоса жазба тілін де қосымша меңгеріп, қазақша ресми іс қағаздардың жазылуына белсене

араласқан болуы бек мүмкін (Әбділәшімұлы, 2025: 287). Қытайдан келіп, Қазақ ордасында оқу-ағартумен айналысқан оқығандардың аз болмағанын меңзейтін тағы бір хатты келтіруге болады. Хат 1788 жылы Әбілпейіздің үлкен ұлы – Ханқожадан Іле генералына атына жолдаған. Онда былай делінген: «...Ұлы Боғда хан, нағыз баһадүр генералдың есендігінде бір молдамыз бар еді, оның аты – Еламан ахұн, ол жеті жылдан бері балаларымызды оқытып келген. Бұрт (қырғыз) жолы жаман болып, Еламан ахұнды ұзатып сала алмадық. Еламан ахұнның туғандары – Ақсудың тұрғыны. Бұрт жолы жаман сенбейміз, сіздерге сенеміз...» (Әбділәшімұлы, 2025: 287). Хаттың мазмұнынан Ханқожа сұлтанның әкесі – Әбілпейіз ордасына қазіргі Шыңжан өлкесінің Ақсу елдімекенінен Еламан есімді молданы шақыртқаны, оның жеті жыл бойы балаларды оқытқаны анық көрінеді. Молда бала оқытумен қатар әртүрлі ресми іс қағаздарын дайындаумен айналысқан болуы мүмкін. Келтірілген мысалдардан Әбілпейіз, Ханқожа сынды қазақ сұлтандарының ордаларында отырықшы аймақтардан, соның ішінде қазіргі Шыңжаңдағы Қашқар, Ақсу тәрізді жерлерден келіп, ұзақ жыл бойы бала оқытып, қызмет еткен орда молдаларының болғандығына көз жеткізуге болады. Сондай-ақ олардың қазақ арасында ұзақ жыл тұрғандықтан, қазақшадан да едәуір сауатты болғандары жоққа шығаруға келмейді (Әбділәшімұлы, 2016: 21–23). Әдетте ресми іс қағаздардың хан, сұлтандар немесе ордадағы басқа да сауатты адамдар жағынан хатқа түскендігі туралы ешбір күмән туылмауы керек. Әйткенмен батыс, яки оңтүстік аймақтардағы отырықшы қалалардан қазақ даласына медресе ашып, бала оқыту мақсатында келген молдалардың да іс қағаздарды жазуға белсене атсалысқандығын жоққа шығаруға болмайды. Тіпті олар бұл жағында маңызды рөл атқарған болуы мүмкін. Сонымен бірге олардың ескі қазақ жазба тілі немесе шағатай тілі білім деңгейлерінің ұқсамауы да ресми іс қағаздар тілінің күрделілігін келтіріп шығарған тағы бір маңызды фактор деп қарауға болады (Әбділәшімұлы, 2016: 24). Қазақ хан, сұлтандардың ордаларында хатталған кеңсе қағаздарының тілі ескі қазақ жазба тіліне жатады. Ескі қазақ жазба тілі Қазақ хандығы тұсында, онан кейін де қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірінде аса маңызды тарихи рөл атқарды (Әбділәшімұлы, 2016: 25). Бұған қоса айта кетерлік жай, XVIII ғасырда іс қағаздарын дайындау, құжат айналымына түсіру және сақтау дәстүрлі сипатқа ие болып, іс жүргізу мемлекетті басқарудың құрамдас бөліктерінің біріне айналды. Іс қағаздарын дайындайтын бітікшілер, кейбір жағдайларда молдалар немесе арнайы білімі мен тәжірибесі бар адамдар дайындады. Хаттар саяси, сауда-саттық, мәдени, рухани қатынастарды орнату және нығайту, тату көршілік қатынастарда тұру, берік одақ құру мақсатында жолданды. Осылайша ресми хат жазу, хат алысу дәстүрге айнала бастады. Хаттарды жеткізушілер елшілер, батырлар, қоғамдағы белді адамдар болған. Хат жазудың әлемдік халықаралық қатынастар мен дипломатияның ережелеріне сәйкес өзіндік талаптары болды. Хат жолданған мемлекеттің билеушісінің есен-саулығы сұралып, оған деген құрмет білдірілгеннен кейін басты мәселе қысқаша баяндалған. Хатта баян етілмеген жайттарды елшілер ауызша жеткізген.

Әбілпейіз сұлтанның жазған хаттарының арасында өздерінің қоныстанған жерлері туралы Цин патшалығына хабардар етіп, тұрақты байланыс жасап отырған. Әбілпейіздің 1782 жылы Тарбағатай амбаны – Хұилинға жолдаған хатында өз иелігіндегі орта жүз найман дортуыл, қызай руларын шекара асып қыстап жүрген қыстауларына қойып кеткені жөнінде Тарбағатай амбанына хабарлап, қыстайтынын ескерткен (Әбділәшімұлы, 2016: 41). 1791 жыл 19 ақпан Тарбағатай амбаны Тэчэнның мәлімдемесімен бірге жолданған Ханқожа сұлтанның хатында «Шыңғыс-Шағанның оты жоқ болды, жері ыстық болды, малымыз көп өлді. «Бұл жерде тұрсақ жаман болар», – деп Қарабұқа-Базарға, мұрынның ішіне келдім. Мұрынның ішінде тұрып Тарбағатайды билеп тұрған Хэбэй амбан, Батыр амбаннан жер сұрадым, жер берді. Қарабұқа-Базарда тыныш жақсы тұрдық. Шыңғыс-Шағанда шөп шықпағандықтан, Қарабұқа-Базарға келдік. Қарабұқа-Базарда шөп шықса, Боғда ханның ісін осында істеп тұрамын, Шыңғыста шөп шықса, Боғда ханның ісін сонда істеп тұрамын, қай жерде болсам да Боғда ханға қызмет етемін» делінген (Әбділәшімұлы, 2025: 287). Демек бұл ақпараттардан қазақ билеушілерінің нақты қоныстанған жері мен цин патшалығымен қай жерде тұрып байланыс орнатқаны туралы мәліметтер береді.

Қорытынды. Қазақстанның көршілес елдермен қарым-қатынас тарихын кешенді түрде зерделеуде эпистолярлық мұралар, соның ішінде ресми хаттар және ондағы тарихи оқиғалар маңызды деректік кешен саналады. Мұндай жазба деректер мен мәліметтер Қазақ хандығының сыртқы саяси бағдарын, көршілес елдермен өзара қатынастарының мазмұны мен сипатын нақты тарихи ауқымда қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда XVIII ғасырдың 60 және 80 жылдары Әбілпейіз сұлтанның Цин империясына жолдаған хаттары ғылыми тұрғыдан аса құнды дереккөздер қатарынан орын алады. Қазақ хандығы жағынан хатқа түскен тарихи оқиғалардың ғылыми құндылығы аса жоғары. Ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізіліп отырған қалмақ, мәнжу тіліндегі құжаттар Қазақ хандығының күрделі кезеңдердегі тарихы бойынша құнды деректерінің бірі болып табылады. Аталған қазақша хаттарда қазақ-цин қарым-қатынастарының сипаты және динамикасы көрініс тапқан. Хаттардың мазмұнынан қазақ хандығының жүргізген сыртқы саясатының сипатын, бағытын және елшілік, сауда байланыстарын, билеушілердің ұстанған саяси көзқарастарын байқауға болады. Эпистолярлық мұрада орыс деректерінде кездесе бермейтін тың мәліметтер бар. Қытайдың Бірінші архивіндегі құжаттарды және орыс деректерінде көрініс тапқан мәліметтерді өзара салыстыра зерттеудің маңыздылығы өте жоғары.

Бұл эпистолярлық мұра қазақ-цин қарым-қатынастарын өзара мүдделер мен саяси есептер тұрғысынан қарастыруға жол ашады. Сондай-ақ Қазақ хандығы мен Цин патшылығы арасындағы көршілік байланыстар тарихын қайта пайымдап, тарихи шындықты барынша объективті түрде қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Sources

JMLZ — Junjichu manwen lufu zouzhe 军机处满文录副奏折, Zhongguo diyi lishi dang’ anguan 中国第一历史档案馆 (First Historical Archives of China).

NARUz — National Archive of the Republic of Uzbekistan

Дереккөздер

ҚБА — Қытайдың Бірінші архиві. «Әскери істер басқармасында сақталған ұлықтардың мәнжу тілді мәліметтерінің көшірме қоры»

ӨзРҰА — Өзбекстан Республикасы ұлттық архиві

References

Abdilashim D., 2016 — *Abdilashimyly D. Jyngo birinshi tarihi myragatynda saqtalghan qazaqsha qyzhattar* [Research on Kazakh Documents in the First Historical Archives of China]. Almaty: Eltanym baspasy, 2016. 216 p. (In Kaz.).

Abdilashim D., 2025 — *Abdilashimyly D. Eldik fenomen. Qazaq handygynyn Cin patshalygyna joldagan biregej diplomatiyalıq qyzhattary turaly tarihi-derektanulyq zertteu* [A State Phenomenon: Research on the diplomatic documents of the Kazakh Khanate addressed to the Qing Dynasty from the perspective of historical literary study]. Fuchu, Tokio, Tokio shetel tilderi universiteti, Aziya zhane Afrika tilderi men madenietin zertteu instituty, 2025. 452 p. (In Kaz.).

Ablai, Wali jane Bokei, 2025 — *Aylai, Wali jane Bokei handardyn hattary. Qyzhattar jinagy* [Letters of Khans Ablai, Wali and Bökei: A Collection of Documents]. Qyrast: J. Oshan, Z.E. Qabyldinov, E.M. Torajgyrov, E. Sauyrqan, M. Qadilbek, A.R. Bejsembaeva. Almaty: JSHS «Litera-M», 2025. 400 p. (In Kaz.).

Ezjenkhanuli, 2011 — *Ezjenhanyly B. Qytajdyn birinshi tarihi myragatyndagy saqtalghan qazaq tarihy turaly myragattyq qyjattar jane olardyn gylymi qyndylygy* [Archival Documents on the History of the Kazakhs Preserved in the First Historical Archives of China and Their Scholarly Value]. Qazaqstan myragattary. 2011. № 4 (20). Pp. 46–52. (In Kaz.).

Ezjenkhanuli, 2025 — *Ejenhanyly B. Ablai han dauirindegi Qazaq-Cin qarym-qatynastary* [Kazakh–Qing Relations during the Reign of Ablai Khan]. Almaty: «TURAN» University, 2025. 696 p. (In Kaz.).

Kenjebaev, 2025 — *Kenjebaev G.K., Kabuldinov Z.E., Chernienko D.A., Apendiev T.A. Razvitie kazahsko-rossijskih torgovyh otnoshenij v deyatelnosti sultana Srednego zhuzha Abulfeisa (1760-e – nachalo 1780-h gg.)*. [The Development of Kazakh–Russian Trade Relations in the Activities of Sultan Abulfeyiz of the Orta Zhuz (1760s – Early 1780s)]. Bylye Gody. 2025. 20(4). P 1700–1709. DOI: 10.13187/bg.2025.4.1700 (In Kaz.).

Qazaqstan tarihy, 1998 — *Qazaqstan tarihy. Kone zamannan buginge deyin. Bes tomdyq* [A History of Kazakhtan]. II-t. Almaty: Atamura, 1998. 640 p. (In Kaz.).

Qazaqstan tarihy turaly, 2006 — *Qazaqstan tarihy turaly qytaj derektemeleri. 3-t. Cin patshalyq dauirinin myrarat qyzhattary. Qyrastyrgan, kirispesin, qytaj derektemelerin audargan, tysindirmeleri men eskertulerin jazgan* [Chinese Archival Documents on the Political and Diplomatic Relationships between the Kazakh Khanate and the Qing Court]. B. Ezhenkhanuli, Almaty: Dajk-Press, 2006. 154 p. (In Kaz.).

Li Shen, 2004 — *Li Shen*. Hasakesitan jiqi yu Zhongguo Xinjiang de guanxi: 15 shiji- 20 shiji zhongqi 哈萨克斯坦及其与中国新疆的关系: 15 世纪-20 世纪中期 [Kazakhstan and Its Relations with China regarding Xinjiang: Fifteenth to the mid-Twentieth Centuries]. Harbin: Heilongjiang jiaoyu chubanshe, 2004. 415 p. (In Chin.).

Medeubaeva, 2006 — *Medeubaeva J.M.* Halyqaralyq qatynastar teoriyasy. [International Relations Theory]. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Euraziya Yltyq Universiteti. 2006. 98 p. (In Kaz.).

Myqamethanyly, 1996 — *Myqamethanyly N.* XVIII–XIX gasyrlardagy qazaq-qytaj bajlanystary. [Kazakh–Chinese Relations in the 18th–19th Centuries]. Almaty: Sanat, 1996. 128 p. (In Kaz.).

Myqamethanyly, 2010 — *Myqamethanyly N.* Abylay han. Diplomatıyalyq qatynastar jane qytajtanu maseleleri. [Ablai Khan: Diplomatic Relations and Issues of Sinology]. Almaty: Tarih tagylymy, 2010. 204 p. (In Kaz.).

Noda, Onuma, 2014 — *Noda J. & Onuma T.* A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qin Dynasty (Central Eurasian Research Series, Special Issue 1), Tokyo: Department of Islamic Area Studies, Center for Evolving Humanities, Graduate School of Humanities and Sociology. Tokyo: The University of Tokyo, 2014.

Saguchi Toru, 1983 — *Saguchi Toru.* 18–19 seiki higashi torukisutan syakaishi kenkyū Tokio: Yoshikawa Kobunkan, 1963. 佐口透: «十八—十九世纪新疆社会史研究». 新疆人民出版社, [A Study of the Social History of Xinjiang in the 18th–19th Centuries.] 1983. 412 p. (In Chin.).

Onuma, 2014 — *Onuma T.* Cin jane Orta Aziya dalasy: koshpindiler aleminin imperiyalyq shekaraga ajnaluy [Qin and the Central Asian Steppe: A World of Imperial Neighbours]. Tokio: Tokyo daigaku shuppankai, 2014. [In ...].

Khafizova, Klara. 2019 — *Khafizova K.Sh.* Stepnye vlastiteli i ih diplomatiya v XVIII-XIX vekah [Steppe Rulers and Their Diplomacy in the 18th–19th Centuries]. Nur-Sultan: KISI, 2019. 480 p. (In Rus.).

Cinskaya imperiya, 1989 — *Cinskaya imperiya i kazahskie hanstva. Vtoraya polovina XVIII-pervaya chetvert XIX v.* [The Qing Empire and the Kazakh Khanates: The Second Half of the 18th Century]. Collection of documents and materials. In 2 parts. Part 1. Comp.: Khafizova K., Moiseev V.A. Alma-Ata, Nauka, 1989. 216 p. (In Rus.).

Epistolyarnoe nasledie, 2014 — *Epistolyarnoe nasledie kazahskoj pravyyashchej elity 1675–1821 gg.* [The Epistolary Heritage of the Kazakh Ruling Elite, 1675–1821: A Collection of Historical Documents]. Coll. of historical documents in 2 vol. Vol. 1. Comp. and ex. ed. I.V. Erofeeva. Almaty: «ABDI Kompaniya» JSC, 2014. 696 p. (In Rus.).

Әдебиеттер

Әбділәшімұлы, 2016 — *Әбділәшімұлы Д.* Жүңго бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. Алматы: «Елтаным баспасы», 2016. 216 б.

Әбділәшімұлы, 2025 — *Әбділәшімұлы Д.* Елдік феномен. Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу. Фучу, Токио, Токио шетел тілдері университеті, Азия және Африка тілдері мен мәдениетін зерттеу институты, 2025. 452 б.

Абылай, Уәли және Бөкей, 2025 — *Абылай, Уәли және Бөкей* хандардың хаттары. Құжаттар жинағы. Құраст: Ж. Ошан, З.Е. Қабылдинов, Е.М. Торайғыров, Е. Сауырқан, М. Қадылбек, А. Р. Бейсембаева. Алматы: ЖШС «Литера-М», 2025. 400 б.

Андреев, 1998 — *Андреев И.Г.* Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Сост., транскрипция скорописи XVIII в. и комментарии И.В. Ерофеевой. Алматы: Ғылым, 1998. 280 с.

Еженханұлы, 2011 — *Еженханұлы Б.* Қытайдың бірінші тарихи мұрағатындағы сақталған қазақ тарихы туралы мұрағаттық құжаттар және олардың ғылыми құндылығы// Қазақстан мұрағаттары. 2011. № 4 (20). 46–52-б.

Еженханұлы, 2025 — *Еженханұлы Б.* Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қарым-қатынастары. I т. Алматы: «TURAN» баспасы, 2025. 696 б.

Кенжебаев, 2025 — *Кенжебаев Г.К., Кабульдинов З.Е., Черниенко Д.А., Апендиев Т.А.* Развитие казахско-российских торговых отношений в деятельности султана Среднего жуза Абулфеиса (1760-е – начало 1780-х гг.) // *Bylye Gody.* 2025. 20(4). С. 1700–1709. DOI: 10.13187/bg.2025.4.1700

Қазақстан тарихы, 1998 — *Қазақстан тарихы.* Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. II т. Алматы: «Атамұра», 1998. 640 б.

ҚТҚД, 2006 — *Қазақтан тарихы туралы* қытай деректемелері. 3-т. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Құрастырған, кіріспесін, қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б. Еженханұлы. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 154 б.

Ли Шэн, 2004 — *Ли Шэн.* XV ғасырдан XX ғасырдың ортасына дейінгі Қазақстан мен Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы қарым-қатынастары (哈萨克斯坦及其与中国新疆的关系: 15 世纪- 20 世纪中期) 2004. 415б.

Медеубаева, 2006 — *Медеубаева Ж.М.* Халықаралық қатынастар теориясы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. 2006. 98 б.

Мұқаметханұлы, 1996 — *Мұқаметханұлы Н.* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. - Алматы: Санат, 1996. 128 б.

Мұқаметханұлы, 2010 — *Мұқаметханұлы Н.* Абылай хан. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. Алматы: Тарих тағылымы, 2010. 204 б.

Noda Jin, 2014 — *Noda Jin & Onuma Takahiro* 2010. A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qin Dynasty (Central Eurasian Research Series, Special Issue 1), Tokyo: Department of Islamic Area Studies, Center for Evolving Humanities, Graduate School of Humanities and Sociology, The University of Tokyo.

Saguchi Toru, 1983 — *Saguchi Toru*. 18–19 seiki higashi torukisutan syakaishi kenkyū [Исследование о социальной истории Восточного Туркестана в 18–19 вв.]. Токио: Ёшикава Кобункан, 1963. (япон. яз.) 佐口透: «十八—十九世纪新疆社会史研究». 新疆人民出版社, 1983. – 412 б.

Такахиро Онума, 2014 — *Такахиро Онума*. Цин және Орта Азия даласы: көшпенділер әлемінің империялық шекараға айналуы. Токио, Токуо daigaku shuppankai, 2014.

Хафизова, 2019 — *Хафизова К.Ш.* Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 480 с.

Цинская империя, 1989 — *Цинская империя* и казахские ханства. Вторая половина XVIII-первая четверть XIX в. Сборник документов и материалов. В 2-х частях. Часть 1. Сост.: К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев. Алма-Ата, Наука, 1989. 216 с.

Эпистолярное наследие, 2014 — *Эпистолярное наследие* казахской правящей элиты 1675–1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах. Т. 1 / Сост. и ответ. ред. И.В. Ерофеева. Алматы: АО «АБДИ Компания», 2014. 696 с.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE).....	300
Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN.....	315
Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y. HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK.....	329
Tulepbergenov G., Bukanova R.K. KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov)	341

HISTORY

Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B. TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR.....	353
Atdaev S.J., Atdaeva O.G. HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS.....	367
Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh. ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY.....	385
Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K. SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920).....	399
Kasymova D., Mukanova G., Margulan A. SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS).....	413
Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S).....	431
Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U. ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	446
Sariguzel N. THE IMPACT OF ATATÜRK’S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY’S TAX POLICY (1930–1931).....	463
Toktarbaiuly A. COLLECTIVIZATION POLICY OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, THE BAYAN-ÖLGII REGION).....	484
Ualiyev T., Sabitov Zh. SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS.....	501
Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I. FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928).....	513
Zakarya R., Saitbekov A.M. POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS.....	532
Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	547

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. PETROGLYPHIC COMPLEXES IN THE CHU–ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES.....	565
Sholakhov M., Nabiev R. THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES.....	580

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА).....	300
Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е. ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР.....	329
Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ. ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай).....	341

ТАРИХ

Абдрахманова Ғ.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢІРЛІК БАСҚАРУДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ.....	353
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	367
Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж. ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК	385
Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ. КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920).....	399
Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ (1941–1945).....	413
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1930–1940).....	431
Қасымова Д.Б., Мұқанова Ғ.Қ., Марғұлан А.С. 1923 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ (АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	446
Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930).....	463
Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЬІНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ (1941–1945).....	484
Сарыгүзел Н. АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931).....	501
Тоқтарбайұлы А. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГІЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА).....	513
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	532
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ ТАРИХЫНАН (1928).....	547

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А. ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТИК КЕШЕНДЕР: ТАБИҒИ ОРТАСЫ, ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ.....	565
Шолахов М., Набиев Н. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ.....	580

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА).....	300
Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНКСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ.....	329
Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова).....	341

ИСТОРИЯ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ.....	353
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ.....	367
Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА.....	385
Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920).....	399
Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945).....	413
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....	431
Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ).....	446
Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930).....	463
Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945).....	484
Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931).....	501
Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА).....	513
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	532
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928).....	547
.....	

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ.....	565
Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ.....	580

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”
2026. 1(7)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajsptie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй